

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ФЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

ІЗДЕҢІС

ПОИСК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ





С.ҚАРҒАБАЕВА

ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ӘДІСТЕРИ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРИ

Еркін экономикалық аймақтың түсінігін әр түрлі көзқарастан талдау және қорытындылау көрсеткендей, еркін экономикалық аймақ түсінігінің көптеген анықтамалары белгіленген аумакта орнатылған ерекше женілдетілген тәртіп ретінде қарастырады. Еркін экономикалық аймақтың басқару аспектілері және экономикалық механизмінің басқа элементтері зерттелмеген. Бірақ еркін экономикалық аймақтарды ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін талдаған көптеген теориялық жұмыстарда, еркін экономикалық аймақтарға экономикалық процестерге мемлекеттің араласуын қысқарту құралы ретінде анықтама берген. Мұндай әдісте бұл түсінік шаруашылық жүргізуде ерекше тәртіп орнатылған институционалдық құбылыстарды қамтиды. Осыдан еркін экономикалық аймақты қәсіпкерлік іс-әрекет үшін жағымды шарттар жасайтын, мемлекеттің басқа аумақтарында пайдаланбайтын, шаруашылық жүргізуін әрекше тәртібі, басқару жүйесі және белгіленген женілдіктер, ынталандыру жиынтығы енгізілген ұлттық экономикалық кеңістіктің бөлігі деп түсініміз.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әр түрлі елдер еркін экономикалық аймақты ұйымдастыруда қандай да бір географиялық, экономикалық және басқа да басымдылықтармен ие болғанда әр түрлі мақсаттар қояды. Еркін экономикалық аймақтар табысты қызмет еткен көптеген елдерде олар сыртқы экономикалық іс-әрекеттің белсенділігін арттыру үшін, экспорттың және импорттың орнын басатын өндірісті дамыту үшін жасалған. Тек осы басты мақсаттарды шешуден соң олар өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын тигізеді.


Еркін экономикалық аймақтарды жіктеуде зерттеудің бір міндеті еркін экономикалық аймақтарды басқарудың әдістерін және принциптерін негіздеуге және еркін экономикалық аймақтың әр үлгісінің басқару ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін еркін экономикалық аймақтардың жалпы белгілерін бөлу болып табылады.

Атап айтқанда, Н.Смородинская, А.Капустин еркін экономикалық аймақтарды шаруашылық мамандану белгісі бойынша жіктеуді ұсынады. Осы белгіге сәйкес еркін сауда аймағы, өнеркәсіп-өндірістік, техникалық-енгізу, қызмет көрсету және кешенді аймақтар болып бөлінеді, олар өз кезегінде, жеке белгілер бойынша бөлінеді (1-сурет) [1].

Еркін экономикалық аймақтың мәнін терең түсіну үшін, басқа әдіске сәйкес жіктеудің тағы үш белгісін қолданған жөн болады: жасау мақсаты және еркін экономикалық аймақтың ұлттық экономикаға эсерін тигізу дәрежесі, еркін экономикалық аймақты басқаруды ұйымдастыру үлгісі бойынша.

Еркін экономикалық аймақты жасау мақсаты бойынша экономикасы ашық секторда еркін экономикалық аймақтарды қалыптастыру және күйзеліс аудандарды (салаларды) дамыту аймақтары болып бөлінеді. Ашық секторда еркін экономикалық аймақтарды қалыптастырудың мақсаты нарық қатынастарын жылдам қалыптастыру. Бұл үлгідегі еркін экономикалық аймақтардың басқару механизмі шетел инвесторлары үшін жағымды инвестициялық климатты жасау

және инвестицияларды белсенді тарту (Шығыс және Орталық Еуропа елдері, Қытай, ТМД елдері) [3].



Ескерту -әдебиеттер негізінде автор құрастырган

1-сурет. Шаруашылық мамандыуна сәйкес еркін экономикалық аймактар


Еркін экономикалық аймактың ұлттық экономикаға әсерін тигізу дәрежесі бойынша анклавты үлгідегі еркін экономикалық аймак және экономикалық орталық үлгідегі еркін экономикалық аймақ болып бөлінеді. Анклавты үлгідегі еркін экономикалық аймак – катаң кеден тәртібі орнатылған басқа аумақтан ішкі шекарамен бөлінген ел аймағы. Олар ішкі нарықпен әлсіз байланысқан, сыртқы сауда катынастарын және экспортты дамытуға бағытталған, сол себептен ұлттық экономикаға жанама түрде әсерін тигізді. Олар, әдетте, елдің шекаралас аудандарында орналасады.

Экономикалық орталық үлгідегі еркін экономикалық аймактар өз іс-әрекеттерін сыртқы экономикалық міндеттер емес, елдің жалпы шаруашылық міндеттерін шешуте бағытталған. Олар ұлттық экономикада ажыратылmas бөлігі ретінде жасалады және қызмет етеді, шекаралас аудандардаған емес, елдің ортасында да орналасады.

Еркін экономикалық аймакты басқаруды ұйымдастыру үлгісі бойынша еркін экономикалық аймакты ашу туралы шешім қабылдаған билік құрылымдардың деңгейіне байланысты республикалық және өнерлік болып бөлінеді. Бұл белгі манызды, себебі ол аймактың статусын, экономикалық механизмінің ерекшелігін, женілдіктер мен кепілдіктер жүйесін, инвесторлар үшін еркін экономикалық аймактың тартымдылығын анықтайды.

Еркін экономикалық аймактардың үлгілерінің және түрлерінің жіктемесі 2-суретте көрсетілген.

Еркін экономикалық аймактардың үлгілерінің және түрлерінің жіктемесі 2-суретте көрсетілген.



Ескерту -әдебиеттер негізінде автор құрастырган
2-сурет. Еркін экономикалық аймактардың жіктемесі

Еркін экономикалық аймакты басқару қозқарасынан, аймақтардың барлық жыныстықтарын екі топқа бөлуге болады: жергілікті немесе нұктелі, кіші көлемді аумақты алатын (сыртқы сауда, өнеркәсіп өндірістік, техникалық-енгізу және т.б.) және тұгастай қала немесе облыс шенберінде қалыптасатын «супераймақтар». Екі топтың еркін экономикалық аймактары басқару жүйесін қалыптастыруда әр түрлі әдіске ие. Әр қайсысына еркін экономикалық аймакты басқарудың жалпы принциптерін, әдістерін және нысандарын бөлуге болады. Және де екі топтағы еркін экономикалық аймактар бір-бірімен жасау мақсатымен, берілетін женилдіктермен, мамандануымен, инфрақұрылыммен ерекшеленуі мүмкін. Нұктелі еркін экономикалық аймактардың (ЕАА) және супераймақтардың басқару механизмін салыстырмалы талдау біріншілердің айқын басымдылықтарын көрсетеді (1-кесте). Себебі бүкіл облысты, немесе өнірді алып жататын, күрделі, көлемді жүйелерге қарағанда, кіші шектелген аумақ шенберінде экономикалық үрдістер басқаруға және реттеуге қолайлы, ал басқару механизмі тиімді және икемді. Сол себептен, Қазақстанда алғашқы пайда болған көптеген аймактардың қызмет етуі оң нағиже бермеді, қойылған мақсаттар және міндеттер орындалмады, жәнілдетілген тәртіп бюджеттік шығындарға апарды, сондықтан кейінгі пайда болған аймактарда жасау мақсаты, басқару органдарының қызметі анықталған, икемді үйімдастыру құрылымы жасалған, тиімді ынталандыру жүйесі іске асады.

Накты еркін экономикалық аймактың ерекшеліктері жалпы еркін экономикалық аймактың басқару жүйесіне, принциптеріне, басқару әдістеріне әсерін тигізбейді, тек кейбір жерлерінде басқару іс-әрекетін өзгертеді, еркін экономикалық аймактың басқару механизміне түзетулер енгізеді.

Аймактың әкімшілік-шаруашылық басқару моделін таңдау оның үлгісіне және аумақтың мөлшеріне, елдің мемлекеттік құрылым ерекшелігіне, жеке сектордың дамуына және т.с.с. байланысты. Бірақ жалпы міндетті жағдай болып табылатыны, аймак, жергілікті әлеуметтік-экономикалық жүйе бола түрүп,

жергілікті және жеке шаруашылық жүйе болу керек, яғни экономиканың әртүрлі салаларына басшылық ететін салалық министрліктердің және орталық ведомстволардың карауынан тыс болу керек. Аймақтың белгіленген шаруашылық жекеленуі жоғары тұрған әкімшілік-аймақтық басқару мүшелерінің өзара байланысына әсерін тигізеді. Ондай өзгешелік қақтығыстарға негіз жасайды.

1-кесте. Нұктелі еркін экономикалық аймақтардың және супераймактардың басқару механизмінің негізгі ерекшеліктері

Басқару механизмінің элементтері	Нұктелі ЕӘА	Супераймак
Жоспарлау	- мақсаттары бір магыналы, нақты анықталған; - мақсаттарды іске асырудың бірнеше стратегиясы; - ресурстармен қамтамасыз етілуі (еңбек, материалдық, қаржы)	- көптеген мақсатары; - бірнеше даму стратегиялары, - ресурстар кейде жеткіліксіз
Үйімдастыру құрылымы	- үш деңгейлі басқару жүйесі, әр деңгейде маманданған қызметі және міндеті анықталған	- екі деңгейлі басқару құрылымы, өндірілік деңгейде және ЕӘА сыйес. ЕӘА басқару органдарының қызметін мемлекеттік биліктің аумактық органдары орындаиды
Ынталандыру	- ынталандыру шаралар жиынтығы (қаржы, салық, сыртқы экономикалық және т.б.) шектелген және ЕӘА мақсатты қызметімен анықталған	- көптеген мақсаттарға сәйкес жөнделдіктері де көп, кейбір жағдайда негізіз және бюджеттік шығындарға жетеледі.
Бақылау	- экономикалық үрдістер жоғары деңгейде бақыланады	- аумақтық-экономикалық құрылым ретінде ЕӘА күрделілігіне және колеміне карағанда экономикалық үрдістер елсіз бақыланады

Ескерту. Әдебиеттер негізінде автор құрастырган

Айтылған женілдіктер әртүрлі қызындастырунда қолданылуы мүмкін. Тәжірибе көрсеткендегі, салыстырмалы ірі өндірістік аймақтарда жергілікті емес, функционалды әдісті қолданған жөн, берілген жерде женілдіктерді тек аймақтың даму мақсатына және міндетіне жауап беретін кәсіпорындарға алады. Кешенді үлгідегі ірі аймақтарда женілдіктер жүйесі жергілікті және функционалды әдістердің үйлесуіне негізделуі мүмкін: негізгі, аймақтың белгіленген жерлерінде қосымша женілдіктермен толықтырылады, сондай-ақ, аймақтың экономикасын горизонталь бойынша (жергілікті тұрғыда) және вертикаль бойынша (салалық тұрғыда) тізбектейтін маманданған женілдіктер.

Жалпы берілетін женілдіктер жүйесі мұнда жоқ даму факторларының өтемекі механизмы болмайды, берілген жерде салыстырмалы артықшылығын іске асыру құралы болу керек. Қазіргі жағдайда әлемдік шаруашылықта еркін аймақтардың таралуында салықтық женілдіктер – аймаққа шетел капиталалының келуі басты стимул емес. Қазіргі күнде ендігі факторлар маңызды болып келеді, олар саяси тұрақтылық, инвестициялық кепілдіктер, инфрақұрылымның сапасы, жұмыс күшінің мамандануы, әкімшілік ресімдердің қысқаруы және ішкі нарыкта салыстырмалы арзан несиелерді алу. Айтылған барлық женілдіктер берілген аймақтың үлгісін анықтайтын негізгі женілдіктермен үйлескенде жұмыс жасайды.

Еркін экономикалық аймақты жасау ендігі принциптерге сәйкес келу керек: әлемдік нарыктың жаһандық жүйесіне кіру; берілген жерде арнайы экономикалық аймақты жасаудың және орналастырудың мақсатқа лайықтылығы; қаржы, өндіріс және еңбек ресурстарын салғанын акталауды; мемлекеттік-жеке серіктестіктің тәуекелділігін бөлу.

Еркін экономикалық аймақтың түсінігін әр түрлі көзқарастардан талдау және қорытындылау еркін экономикалық аймақты ұлттық экономикалық қеңістіктің бөлігі ретінде анықтауға мүмкіндік берді, онда мемлекеттің басқа бөлігінде қолданбайтын, кәсіпкерлік іс-әрекетке жағымды шарттар жасайтын, шаруашылық жүргізуідің ерекше тәртібі, басқару жүйесі және жеңілдіктердің, ынталандырулардың белгілі жиынтығы енгізілу қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Смородинская Н., Капустин А. Свободные экономические зоны: мировой опыт и российские перспективы // Вопросы экономики, 1994. №12. С.126-140
2. Смородинская Н. Туманно будущее свободных зон // Экономика и жизнь- 1997. №12. С.32
3. Овчинникова С. Зоны свободного предпринимательства //СПб.: СПб УЭФ- 1996. С.13-15.

Резюме

В статье рассматривается понятие, классификация, принципы и методы управления СЭЗ.